

Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 4 қазандағы № 408 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 19 қазанда № 17583 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 24 мамырдағы № 180 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 24.05.2022 № 180 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.09.2020 № 295 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Акваөсірудің (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 9 маусымдағы № 237 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15452 болып тіркелген, 2017 жылғы 16 тамызда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

2) "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 9 маусымдағы № 237 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің

орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 11 қаңтардағы № 16 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16735 болып тіркелген, 2018 жылғы 28 сәуірде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі*

Ө. Шөкеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 4 қазандағы
№ 408 бұйрығымен
бекітілген

Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары

**Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің
23.09.2020 № 295 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жергілікті бюджетте тиісті қаржы жылына көзделген қаражат есебінен және шегінде акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау тәртібін, сондай-ақ "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) акваөсіру – балық ресурстарының және басқа да су жануарларының өсімін жасанды жолмен молайту және өсіру;

2) балық басын толықтыратын аналық балық үйірі (бұдан әрі – ББТАБҮ) – су биологиялық ресурстарын сақтау үшін селекциялық мақсаттар, асыл тұқымдық және өнімділік сапасы жоғары акваөсіру объектілерін молықтыру мақсаттары үшін пайдаланылатын қорғалатын түрлерді қоса алғанда, бақыланатын жағдайларда ұсталатын балықтар мен басқа да су жануарларының әртүрлі жастағы топтары;

3) балық азығы – балықтарға арналған отандық немесе шетелдік өндірістің теңгерімделген толық рационды құрамажөмінің барлық түрі;

4) балық өсіру шаруашылығы – акваөсірудің кәсіпкерлік қызмет мақсатында балықтардың өсімін жасанды молайту және өсіру жөніндегі бағыты;

5) балық өсіру-биологиялық негіздеме (бұдан әрі – БӨБН) – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми ұйымдар жүргізілген зерттеулер мен қолда бар ғылыми деректерді, сынақтан өткізілген технологияларды және табиғи және акваөсіру қажеттіліктері үшін бейімделген су айдындарының жай-күйі мен әлеуетін бағалау жөніндегі басқа да іс-шараларды, су айдындарын, түрлердің биология ерекшеліктерін, өсіру технологияларын, ветеринариялық-санитариялық талаптарды, азық рецептурасын және азықтандыру режимін, табиғи азықтық базаның әлеуетін арттыруды, сондай-ақ өсімін молайтуды және балық жіберуді ұйымдастыруды кешенді бағалауды қамтитын, балықтар мен басқа да су жануарларын жасанды өсіру жөніндегі өзге де тәсілдерді зерделеу нәтижесінде әзірлеген ғылыми негізделген ұсынымдар кешені;

6) балық өсіру материалы (бұдан әрі – БӨМ) – балық өсіру объектісіне қарай, су айдындарына балық жіберуге арналған дернәсілдер, құртшабақтар, шабақтар және балықтардың жасына байланысты басқа да топтары;

7) балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама – "Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 8 шілдедегі № 304 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14117 болып тіркелген) сәйкес белгілеген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде ауланған немесе балық өсіру шаруашылығында өсірілген балық ресурстары мен басқа да су жануарларының шығу тегін растайтын құжат;

8) дәрілік препараттар – балықтарды және басқа да су жануарларын акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) жағдайларында оларды өсіру кезінде сыртқы ортаның әсерінен туындайтын аурулардың жұқпалы және жұқпалы емес түрлерінен емдеу үшін пайдаланылатын медициналық мақсаттағы препараттар;

9) жеке шот – субсидиялауға арналған өтінімдерді тіркеу және олар бойынша операцияларды есепке алу мақсатында тіркелген адамды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жазбалардың жиынтығы;

10) көрсетілетін қызметті жеткізуші – Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ауыл шаруашылығы және балық шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші)) айқындайтын, субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне иесі ретінде қолжетімділікті және оны сүйемелдеуді қамтамасыз ететін тұлға;

11) субсидиялауға арналған өтінім – тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған, сатып алынған балық азығына, балық өсіру материалына, дәрілік препараттарға, сондай-ақ балық басын толықтыратын аналық балық үйіріне және оларды күтіп-бағуға субсидиялар алуға арналған электрондық өтінім;

12) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – субсидиялауға арналған өтінімдер, сондай-ақ қарыз алушылар, кредиторлар туралы мәліметтердің жиынтығы және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде көрініс табатын өзге де мәліметтер;

13) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі – субсидиялау процестерін орындау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған, "электрондық үкіметтің" веб-порталымен өзара іс-қимыл жасауға, субсидиялауға арналған өтінімді тіркеуге, сондай-ақ өтінімнің субсидиялау шарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеуге мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырып, ретке келтірілген жиынтығы;

14) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – Интернет желісінде орналасқан субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

15) тауар өндіруші – акваөсірумен (балық өсіру шаруашылығымен) айналысатын жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – тауар өндіруші (көрсетілетін қызметті алушы));

16) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

17) электронды цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электронды цифрлық символдар жиынтығы.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.06.2021 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Субсидиялар тауар өндірушілерге (көрсетілетін қызметті алушыларға):

1) бекіре, албырт, тұқы, жайын, цихлид, лат, араван тұқымдас балықтар мен олардың будандарын, шаян тәрізділерді өсіру кезінде пайдаланылатын азықтарды сатып алу шығыстарының 30 (отыз) пайызын (бұдан әрі – %);

2) БӨМ-ды сатып алу шығыстарының 50%-ын;

3) БӨБН-ды сатып алу шығыстарының 50%-ын;

4) дәрілік препараттарды сатып алу шығыстарының 50%-ын;

5) ББТАБҮ-ні сатып алу және оларды күтіп-ұстау шығыстарының 50%-ын өтеу арқылы акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өзіндік құнын төмендетуге арналады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.06.2021 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Акваөсірудің (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері бойынша ұсыныстар (бұдан әрі - субсидиялау көлемдері бойынша ұсыныстар) екі данада жасалады және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі, ол болмаған жағдайда олардың міндеттерін атқарушы адамдар қол қойған ілеспе хатпен тиісті жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі - Министрлік) мақұлдауға ұсынылады.

Субсидиялау көлемдері бойынша ұсыныстар Министрлікке мақұлдауға ұсынылған кезде азық шығынының нормалары ескеріле отырып, субсидиялауға жататын азық түрлерінің көлемдері бойынша есептемені негіздейтін құжаттар қоса беріледі.

Оң шешім қабылданған жағдайда, Министрлік субсидиялау көлемдері бойынша ұсыныстың бір данасын тиісті ілеспе хатпен тиісті жылдың 30 қаңтарынан кешіктірмей қайтарады. Теріс шешім қабылданған жағдайда Министрлік субсидиялау көлемдері бойынша ұсыныстың екі данасын уәжді негіздемесі бар хатпен тиісті жылдың 30 қаңтарынан кешіктірмей пысықтауға жібереді.

Субсидиялау көлемдері бойынша пысықталған ұсыныстар екі данада Министрлікке тиісті жылдың 5 ақпанынан кешіктірмей қайта мақұлдауға беріледі.

Министрлік мақұлданған субсидиялау көлемдері бойынша ұсыныстың бір данасын тиісті ілеспе хатпен тиісті жылдың 10 ақпанынан кешіктірмей қайтарады.

Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері Министрлікпен мақұлданғаннан кейін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігінің қаулысымен бекітіледі.

5. Жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) субсидиялауға арналған мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жеке жоспары (бұдан әрі – Қаржыландыру жоспары) бекітілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны веб-порталға субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне орналастырады.

2-тарау. Субсидиялар алу шарттары

6. Сатып алынған азыққа субсидиялар мынадай шарттар сақталған жағдайда төленеді:

1) тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы сатып алынған азық үшін субсидия алуға арналған өтінімді осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша беруі.

Субсидияларды беру процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ субсидияларды беру ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын субсидиялар алуға қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында баяндалған.

"Электрондық үкімет" веб-порталы мен субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады;

2) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде субсидиялауға арналған өтінімнің тіркелуі;

3) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде деректері субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған тауар өндірушіде (көрсетілетін қызметті алушыда) жеке шотының болуы;

4) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен электрондық шот-фактураларды қабылдайтын және өңдейтін ақпараттық жүйенің ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) азықты сатып алуын растауы (азық жеткізушілердің тиісті электрондық шот-фактурасының болуы);

5) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен электрондық шот-фактураларды қабылдайтын және өңдейтін ақпараттық жүйенің ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) балық өнімін алдыңғы жылдың төртінші тоқсанында және/немесе ағымдағы жылы өндіру көлемінің расталуы;

6) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – "Е-лицензиялау" МДҚ" АЖ)

ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 26-бабы 1-3-тармағына сәйкес жасанды жағдайларда өсірілген балықтардың ауланған жері туралы мәліметтердің расталуы;

7) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен "Е-лицензиялау" МДҚ" АЖ-ның ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде бекіре балықтары мен олардың будандары үшін азықты субсидиялау кезінде Заңның 19-бабы 3 және 3-1-тармақтарына сәйкес Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына енгізілген жануарлардың қолдан өсірілгені туралы мәліметтердің расталуы.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.06.2021 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-1. Сатып алынған БӨБН, дәрілік препараттар үшін субсидиялар мынадай шарттар сақталған жағдайда төленеді:

1) тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы сатып алынған БӨБН үшін субсидия алуға арналған өтінімді, сатып алынған дәрілік препараттар үшін субсидия алуға арналған өтінімді осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 1 және 2-нысандар бойынша беруі;

2) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде субсидиялауға арналған өтінімнің тіркелуі;

3) деректері субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) жеке шотының субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде болуы;

4) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен электрондық шот-фактураларды қабылдайтын және өңдейтін ақпараттық жүйенің ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) БӨБН-ны және дәрілік препараттарды сатып алуын растауы (БӨБН-ды және дәрілік препараттарды жеткізушілердің тиісті электрондық шот-фактурасының болуы).

Ескерту. Қағида 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.06.2021 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-2. Сатып алынған БӨМ, ББТАБҮ және оларды күтіп-ұстау үшін субсидиялар мынадай шарттар сақталған жағдайда төленеді:

1) тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы сатып алынған БӨМ үшін субсидия алуға

арналған өтінімді, сатып алынған ББТАБҮ үшін субсидия алуға арналған өтінімді осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 4 және 5-нысандар бойынша беруі;

2) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде субсидиялауға арналған өтінімнің тіркелуі;

3) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде деректері субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған тауар өндірушіде (көрсетілетін қызметті алушыда) жеке шотының болуы;

4) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен электрондық шот-фактураларды қабылдайтын және өңдейтін ақпараттық жүйенің ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) БӨМ-ды, ББТАБҮ-ні сатып алуын және оларды күтіп-ұстауын растауы (БӨМ, ББТАБҮ жеткізушілердің тиісті электрондық шот-фактурасының болуы);

5) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен "Е-лицензиялау" МДҚ" АЖ-ның ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде Заңның 26-бабы 1-3-тармағына сәйкес жасанды жағдайларда өсірілген балықтардың ауланған жері туралы мәліметтердің расталуы;

6) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен "Е-лицензиялау" МДҚ" АЖ-ның ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде бекіре балықтары мен олардың будандары үшін азықты субсидиялау кезінде Заңның 19-бабы 3 және 3-1-тармақтарына сәйкес Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына енгізілген жануарлардың қолдан өсірілгені туралы мәліметтердің расталуы.

Ескерту. Қағида 6-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.06.2021 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Субсидияларды есептеу тәртібі

7. Балық азығына арналған тиесілі субсидиялар сомасы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$1) \\ M \\ = V_p * N_{pk}$$

$$2) \sum = \\ M$$

*C_к

$$3) C_c = (\sum * 30) / 100,$$

мұнда:

М

– балық өсіру үшін жұмсалған азықтың жалпы массасы, килограмм;

V_p – осы Қағидалардың 6-тармағы 5) тармақшасына сәйкес расталған, өндірілген акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің көлемі, килограммен;

N_{pk} – осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің бір килограммын өндіруге жұмсалатын азық шығысының нормасы;

Σ – балық азығына жұмсалған қаражаттың жалпы соммасы, теңге;

C_k – бір килограмм балық азығының құны, теңге;

C_c – субсидиялар сомасы, теңге.

Балық азығының құнына қосылған құн салығының сомасы ескерілмейді.

7-1. БӨМ-ге арналған тиесілі субсидиялар сомасы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$1) P_{\Pi} = K * C_p;$$

$$2) C_c = (P_{\Pi} * 50) / 100,$$

мұнда:

P_{Π} – БӨМ-ді сатып алуға жұмсалған қаражаттың жалпы сомасы, теңге;

K – БӨМ-нің саны, дана;

C_p – БӨМ-нің бір данасына құны, теңге;

C_c – субсидиялар сомасы, теңге.

БӨМ құнына қосылған құн салығының сомасы ескерілмейді.

Ескерту. Қағида 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.06.2021 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-2. БӨБН-ге арналған тиесілі субсидиялар сомасы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$1) P_{\Pi} = K * C_p;$$

$$2) C_c = (P_{\Pi} * 50) / 100,$$

мұнда:

P_{Π} – БӨБН -ді сатып алуға жұмсалған қаражаттың жалпы сомасы, теңге;

K – БӨБН-нің саны, бірлік;

C_p – БӨБН-нің бір бірлігіне құны, теңге;

C_c – субсидиялар сомасы, теңге.

БӨБН құнына қосылған құн салығының сомасы ескерілмейді.

Ескерту. Қағида 7-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.06.2021 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-3. Дәрілік препараттарға арналған тиесілі субсидиялар сомасы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$1) L = K * C_L;$$

$$2) C_c = (L * 50) / 100,$$

мұнда:

L – дәрілік препараттарды сатып алуға жұмсалған қаражаттың жалпы сомасы, теңге;

K – дәрілік препараттардың саны, дана және (немесе) килограмм;

C_L - дәрілік препараттардың бір данасына және (немесе) килограммына құны, теңге;

C_L – субсидиялар сомасы, теңге.

Дәрілік препараттардың құнына қосылған құн салығының сомасы ескерілмейді.

Ескерту. Қағида 7-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.06.2021 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-4. ББТАБҮ-ге және оларды күтіп-ұстауға арналған тиесілі субсидиялар сомасы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$1) P_M = K_M * C_M;$$

$$2) C_c = (P_M * 50) / 100,$$

мұнда:

P_M – ББТАБҮ-ні сатып алуға және оларды күтіп-ұстауға жұмсалған қаражаттың жалпы сомасы, теңге;

K – ББТАБҮ-нің саны, дана;

C_M - ББТАБҮ-нің бір данасына құны, теңге;

C_M – субсидиялар сомасы, теңге.

ББТАБҮ құнына қосылған құн салығының сомасы ескерілмейді.

Ескерту. Қағида 7-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.06.2021 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. 1 (бір) килограмм акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруге жұмсалған азық шығысының нормасы:

1) албырт тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін – 1,2 (бір бүтін оннан екі) килограмнан;

2) бекіре тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін – 1,5 (бір жарым) килограмнан;

3) тұқы тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін:
құрамында 25 %-дан аспайтын протеині бар отандық өндірістің түйіршіктелген азығы үшін – 4,0 (төрт) килограмнан;

шетелдік азық үшін – 1,6 (бір бүтін оннан алты) килограмнан;

4) жайын тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін – 1,2 (бір бүтін оннан екі) килограмнан;

5) цихлид тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін – 1,2 (бір бүтін оннан екі) килограмнан;

6) лат тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін – 1,3 (бір бүтін оннан үш) килограмнан;

7) араван тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін – 1,5 (бір бүтін оннан бес) килограмнан;

8) шаянтәрізділер үшін – 1,6 (бір бүтін оннан алты) килограмнан аспайды.

Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің бір килограммын өндіруге жұмсалған нақты шығындар көрсетілген нормалардан төмен болған жағдайда субсидиялар азықтың нақты шығысына сүйене отырып, есептеледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.06.2021 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Бір килограмм балық азығына бөлінетін субсидиялар сомасы:

1) албырт тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін 270 (екі жүз жетпіс) теңгеден;

2) бекіре тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін 285 (екі жүз сексен бес) теңгеден;

3) тұқы тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін:

отандық өндірістің азығы үшін 105 (бір жүз бес) теңгеден;

шетелдік өдрісітің азығы үшін 210 (екі жүз он) теңгеден;

4) жайын тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін 210 (екі жүз он) теңгеден;

5) цихлид тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін 210 (екі жүз он) теңгеден;

6) лат тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін 210 (екі жүз он) теңгеден;

7) араван тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін 285 (екі жүз сексен бес) теңгеден;

8) шаян тәрізділер үшін 228 (екі жүз жиырма сегіз) теңгеден аспайды.

1 (бір) БӨМ-ді сатып алуға бөлінетін субсидиялар сомасы:

1) албырт тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін:

ұрықтанған уылдырық (дана) – 1 (бір) уылдырық үшін 5 (бес) теңгеден;

шабақ (10 граммға дейін) – 1 (бір) дана үшін 25 (жиырма бес) теңгеден;

2) бекіре тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін:

ұрықтанған уылдырық (дана) – 1 (бір) уылдырық үшін 100 (жүз) теңгеден;

шабақ (10 граммға дейін) – 1 (бір) дана үшін 250 (екі жүз елу) теңгеден;

3) тұқы тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін:

дернәсілдер – 1 (бір) миллион дана үшін 60 000 (алпыс мың) теңгеден;

шабақ (30 граммға дейін) – 1 (бір) дана үшін 15 (он бес) теңгеден;

4) ақсаха тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін:

дернәсілдер – 1 (бір) миллион дана үшін 500 000 (бес жүз мың) теңге;

5) жайын тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін:

шабақ (0,5 – 5 грамм) – 1 (бір) дана үшін 5 (бес) теңгеден;

6) цихлид тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін:

шабақ (0,5 - 5 грамм) – 1 (бір) дана үшін 15 (он бес) теңгеден;

7) лат тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін (0,5 – 5 грамм) – 1 (бір) дана үшін 20 (жиырма) теңгеден;

8) араван тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін (0,5 – 5 грамм) – 1 (бір) дана үшін 25 (жиырма бес) теңгеден;

9) шаян тәрізділер үшін:

ұрықтанған уылдырық – 1 (бір) уылдырық үшін 5 (бес) теңгеден;

шабақ – 1 (бір) дана үшін 25 (жиырма бес) теңгеден аспайды.

Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) мақсаттары үшін балық өсіру кезінде сатып алынған дәрілік препараттарға бөлінетін субсидиялар сомасы өсірілген балықтың 1 (бір) тоннасы үшін 5 000 (бес мың) теңгеден аспайды.

Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) мақсаттары үшін балық өсіру кезінде сатып алынған БӨБН үшін бөлінетін субсидиялар сомасы 500 000 (бес жүз мың) теңгеден аспайды.

Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) мақсаттарына арналған сатып алынған ББТАБҮ және оларды күтіп-ұстау үшін бөлінетін субсидиялар сомасы:

албырт тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін – 1 (бір) дарак үшін 15 000 (он бес мың) теңгеден;

бекіре тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін – 1 (бір) дарак үшін 30 000 (отыз мың) теңгеден;

тұқы, араван, жайын, лат, цихлид тұқымдас балықтар үшін – 1 (бір) дарак үшін 10 000 (он мың) теңгеден аспайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.06.2021 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Субсидиялар төлеу тәртібі

10. Субсидиялауға өтінімдерді қабылдау тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) орналасқан жері (заңды мекенжайы) бойынша тиісті жылдың 1 наурызынан бастап 1 желтоқсанына дейін жүзеге асырылады.

11. Тізілім деректеріне веб-портал арқылы қолжетімділікті ұсыну (бұдан әрі – жеке кабинет) үшін жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) тиісті жылдың 10 ақпанына дейін қызметтерді жеткізушіге ЭЦҚ-сы бар қызметкерлердің өзектендірілген тізімін жолдайды.

12. Жеке кабинетке қолжетімділікті ұсыну үшін тауарөндірушіге (көрсетілетін қызметті алушыға) субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне дербес тіркелу үшін ЭЦҚ-сы болуы тиіс.

13. Веб-порталда тіркелу кезінде жеке кабинет ашу үшін тауар өндіруші (көрсетілетін қызметті алушы) мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) жеке тұлғалар және дара кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН); аты, әкесінің аты (бар болса) және тегі;

2) заңды тұлғалар және бірлескен кәсіпкерлік нысанындағы жеке кәсіпкерлер үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі; толық атауы; бірінші басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және ЖСН-сы;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почтасының мекенжайы);

